

**Д.Төленов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің кезектен тыс педагогикалық кеңесі**  
**Хаттама №6 (көшірме)**

Қатысуға тиісті-67  
Қатысқаны-65  
Дәлелді-2

**Күн тәртібінде:**

1. Атырау облысы Білім беру басқармасы Махамбет аудандық білім бөлімінің Д.Төленов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің мемлекеттік аттестаттау қорытындысы туралы

**Тыңдалды: Мектеп директоры Т.Идркенова**

Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің қорытындысына сәйкес Атырау облысы Білім беру басқармасы Махамбет аудандық білім бөлімінің Д.Төленов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің мемлекеттік аттестаттау қорытындысы туралы мектеп директоры Т. Г. Идркенова таныстырды.

Мемлекеттік аттесттаудың нәтижелері туралы қорытындысында кемшіліктер анықталған.

I. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары бойынша ешқандай кемшіліктер жоқ екенін айтылды.

II. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар бойынша:

1. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы 2021-2022 2022-2023 оқу жылдары жүргізілген. Курс мазмұны 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен, 5-9- сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 10,11-сыныптарда 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен толық іске асырылмаған. Атап айтқанда, 2021-2022 оқу жылында 1-3 сыныптарда «Дүниетану» пәні негізінен оқытылатын 6 сағаттық ӨҚН күнделікке толығымен салынбаған, 4-сыныптар бойынша «Дүниетану» пәні негізінен 10 сағатты құрайтын ӨҚН 4а,б сыныптарында салынбаған. 5-9 сыныптар бойынша «Дене шынықтыру» пәнінің негізінен оқытылатын 15 сағаттық ӨҚН 5а,б сыныптарында 13 сағат, 6а сыныбында 3 сағат, 6б сыныбында 12 сағаты күнделікке салынған, 7а сыныбында 4 сағат, 7б сыныбында 11 сағат, 8а 12 сағат, 8б 8 сағат, 9а 13 сағат, 9б 5 сағаты ғана толтырылған. 10-11 сыныптар бойынша «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні негізінде оқытылатын ӨҚН 10а,б және 11а,б сыныптарында 12 сағаты күнделікке салынбаған. 2022-2023 оқу жылында 1 а,ә сыныптарында толық 6 сағат күнделікке салынған, 1 б сыныптың 6 сағаты салынбаған, 2 а күнделікке салынған толық, 2 б сыныбында 3 сағат салынған, 3а толық, 3б өқн салынбаған, 4а,ә,б сыныптарында да 10 сағат толық емес, 4ә сыныбында жоқ, 4 а сыныбында 9 сағат, 4 б сыныбында КТП –да жоқ, журналдың ішінен құйылған 2 сағаты ғана көрініп тұр. 5-9 сыныптар бойынша дене шынықтыру пәнімен кіріктіріліп оқытылатын 15 сағаттық өмір қауіпсіздік негіздері 5а,б,6а,б,7а,б,8а,б,9а,б сыныптарында 14 – 15 сағаттан берілген. 10-11 сыныптар бойынша алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінен 12 сағаттық өмір қауіпсіздік негіздері 10а,б,11а,б сыныптарында КТЖ –да көрсетілмеген. 2023-2024 оқу жылдары бойынша 1-4 сыныптар бойынша өмір қауіпсіздік негіздерінің толтырылуы да толық

емес, 1а сыныбында бар, 1ә,1б сыныптарында жоқ, 2а сыныбында бар, 2ә,б сыныптарында жоқ, 4 а сыныбында бар. Ал қалған 3а,ә,б,4ә,б сыныптарында КТП-дан ӨҚН көрінбейді. Журналдың ішіне құйылған. Бірақ ол жерде де 5 сағаты ғана көрінеді. 5-9 сыныптарда дене шынықтыру пәні негізінен оқытылатын 15 сағатын толық салған сынып жоқ. КТП – да тек 7а мен 7 б сыныбы ғана көрініп тұр , бұл сыныптарда 10 сағат, қалған 5а,ә,б,6а,ә,б,7а,ә,б,8а,ә,б,9а,б сыныптары КТП-дан көрінбейді, журналдың ішінде тұр кейбір сыныптар 15 сағатқа жетпесе, кейбірі 15 сағаттан асып кеткен. Мысалы, 6а,ә сыныптарында 19 сағат, 6б сыныбында 20 сағат, 7ә сыныбында 18 сағат етіп оқытылып келеді. 10-11 сыныптар бойынша 12 сағаттық өмір қауіпсіздік негіздері КТЖ – да толтырылмаған. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 25-тармаққа сәйкес келмейді, 4- қосымша 4-тарау 50-тармаққа 10-11 сыныптар сәйкес келеді, 5-9 сыныптар сәйкес келмейді.

2. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру; Курс мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақыттарда сынып жетекшілерімен тақырыптарын көрсете отырып іске асырылуы тиіс. 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылында сынып сағаты бекітілген сабақ кестесінде бар. Аталған оқу жылдарында «Жолда жүру ережелері» сыныптарда сынып сағаты есебінен іске асырылғандығын бақылау мақсатында күнделік кз электронды журналы арқылы зерделеу жүргізілгенде, сынып сағаттарының сабақ кестесіне салынғандығы байқалды,алайда «күнделік.кз» сайтында не мектепте, не ҚББ бетшесіне сынып сағаты жоспарлары енгізілмегендіктен қарау мүмкіндігі болмады «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 26-тармаққа сәйкес келмейді.
3. Ағылшын тілі пәнінен сабақ берген мұғалім Моташева Гүлім Жұмажанқызы 2019 жылы Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжін 0105000 Бастауыш білім беру мамандығы бойынша бітірген, шетел тілінен бастауыш білім беру біліктілігі бола тұра, 2021-2022 оқу жылы 5а сыныбына, 2022-2023 оқу жылы 5б, 8а сыныбына, 2023-2024 оқу жылы 5б, 6ә сыныптарына сабақ бергендігі, 2023-2024 оқу жылында Давлетияров Серік Халилұлы 2006 жылы Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжін «Бастауыш сыныптарды оқыту» мамандығы бойынша бітірген, 2023-2024 оқу жылында 1-4 бастауыш сыныптарына цифрлық сауаттылық пәнінен, 5а,ә,б сыныптарына информатика пәнінен сабақ беріп келгендігі анықталды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 27-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 39-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 29-тармаққа сәйкес келеді. 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығының 4 тараудың 21 тармағына сәйкес келмейді.
4. 2021-2022,2022-2023 оқу жылдарында kundelik.kz электронды журналына барлық пәндерден сыныптар мемлекеттік емтиханға қатыспаса да емтиханнан кейін қойылатын қорытынды баға қойылып, оқушылар бағаланған. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында «Дене шынықтыру», «Музыка», «Көркем еңбек» пәндеріне қалыптастырушы бағалау қойылған. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың,

бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 3-қосымша 4-тарау 57, 59-тармақ сәйкес келмейді.

Қорытынды бойынша аталған кемшіліктер педагогикалық ұжымға талдап көрсетіліп, алдағы уақытта мұндай қателіктерге жол бермеу бағытында іс-шаралар жоспарын жасап, орындалысы туралы қатаң бақылауда болатындығын жеткізді.

**Қаулы:**

1. Білім беру ұйымын қайта аттестаттау комиссиясы құрылып, мемлекеттік аттестаттау қорытындысында көрсетілген кемшіліктерді жоюдың іс-шара жоспары жасақталсын;
2. Іс-шара жоспары бойынша атқарылған жұмыстар негізінде 2024 жылдың 15 сәуіріне Атырау облысында білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне қайта аттестаттауға құжаттарды жинақтау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Ғ.Ожаеваға, Ж.Тұрсынбаевқа тапсырылсын;
3. Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы бойынша оқу-тәрбие жұмысында функционалдық міндеттерін атқаруда жауапсыздық танытқан педагогтер мен оларды қадағалауда осалдық көрсеткен директор орынбасарларына тәртіптік жаза қолдансын;



Мектеп директоры

Хатшы

Т.Идркенова

А.Хайреденова